

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1663 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 5 қазан N 1091. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.02.20. N 205 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 3 қарашадағы N 1663 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 46, 545-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асырудың ерекше тәртібі туралы нұсқаулықта: мынадай мазмұндағы 7-тармақпен толықтырылсын:

"7. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында жекелеген жағдайларда мемлекеттік сатып алуды жүргізу және тауарларды, жұмыстарды және қызметтер көрсетуді мемлекеттік сатып алуды жүргізу тәсілін таңдау туралы шешімді Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдауы мүмкін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі